

Әңгімелер

ШҮЛЕНГЕР

◆ Атымтай хан ордасынан жаяу қайтты. Жүре-жүре көлге жетіп жығылған. Ұйықтап кеткен екен, денесіне тиген қолайсыз бірденеден шошып оянды да, ұйқылы кезімен су бетін шолды. Айдынға сыймай шоршыған балықтар таңғы ұйқы ашар ойынына кірісіпті. Түрткі шортандардан басталған тәрізді. Мейлінше молығып алған комағайлар сойқанды күн шықпай бастап жіберген. Соңына қуғын түскен момын балықтар су бетіне атылып шығып, қайта құлап түседі. Жиекке шығып қалғандары да бар. Жеңді білектей сазандар мен табандар шоршып тулап жатты.

Жалғыз атынан айрылып жаяулап қалған Атымтай бір шешімге келе алмай дағдарып тұрды да қойды. Сөйткенше болмады, қамыс арасынан дәу кара есек шыға келді. Жонынан жарылып семіріп алған момын жануар Атымтайға жақындап келді. Ноктасы басында жүр. «Енді не тұрыс бар?!» деп қайрады өзін.

Іле кірісті. Өткір кездігімен жас шыбықтарды отап шықты да, себет тоқуға кірісті. Екі үлкен себетке салынған олжасын тендеп алып, шаһарға төтелей тартты. Базар енді-енді қыза бастаған. Мұны танып қалғандар:

– Уа, әлеумет, Атымтай жомартты қарсы алындар! Балық үлестіремекші, – деп жар салды.